

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы
Қоғамдық кеңес отырысының
№6 ХАТТАМАСЫ**

6 желтоқсан 2017 жыл

Алматы қ.

ҚАТЫСҚАНДАР

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы Қоғамдық кеңестің (бұдан әрі – Кеңес, ҚК) мүшелері:

- 1) Сейпульник Евгений Валерьевич, Кеңес Төрағасы;
- 2) Донских Алевтина Александровна, Кеңес төрағасының орынбасары;
- 3) Алехова Александра Александровна;
- 4) Атоянц Базилина Геннадиевна;
- 5) Ахшабаева Наталья Тохтарқызы;
- 6) Байтеев Алексей Николаевич;
- 7) Жолдасбеков Азамат Мырзаданұлы;
- 8) Домбай Қуат Есімғалиұлы;
- 9) Ледовских Ирина Александровна;
- 10) Своик Петр Владимирович;
- 11) Тәжібекова Жұмагүл Қуатбекқызы;
- 12) Шайхутдинов Еренғайып Мәлікұлы.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі-БЖЗҚ) өкілдері (дауыс беру құқығынсыз):

- 1) Наурызбаева Нұрбүбі Серекқажықызы, БЖЗҚ Басқарма Төрайымы;
- 2) Егеубаева Сауле Аскараровна, БЖЗҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- 3) Өтеғұлов Мәулен Амангелдіұлы, БЖЗҚ басқарушы директоры;
- 4) Төлегенова Жанар Қорғанбекқызы, БЖЗҚ басқарушы директоры;
- 5) Бақтыбаев Назым Әбдухалимұлы, Заң департаментінің директоры;
- 6) Айманбетова Гулбану Зарлыққызы, БЖЗҚ Басқарма Төрайымының кеңесшісі;
- 7) Фазылова Кәмилә Нұрланқызы, БЖЗҚ стратегиялық талдау және даму басқармасының бастығы;
- 8) Сейдіғазымов Сайран Кеңесбекұлы, БЖЗҚ актуарлық есептеулер және талдау басқармасының бастығы;
- 9) Ақмаева Марина Абрахманқызы, БЖЗҚ БАҚ-пен байланыс бөлімінің бастығы, Кеңес хатшысы.

Кеңес мүшелігіне үміткер, Қазақстан қаржыгерлері ассоциациясының басқарушы директоры Бурабаев Ерлан Өмірзақұлы (дауыс беру құқығынсыз).

Отырысты өткізу басында Кеңестің 21 мүшесінің 12-і (57 %) қатысты. Кеңес туралы Ереженің 38-тармағында айқындалған отырыс қворумы бар.

Отырысты күн тәртібі жобасымен таныстыра отырып, Кеңес төрағасы Евгений Сейпульник ашты.

КҮН ТӘРТІБІ

1. «БЖЗҚ» АҚ 2017-2021 жылдарға арналған жаңа даму стратегиясының таныстырылымы.
2. «БЖЗҚ» АҚ-ның 2018 жылға арналған даму жоспары.
3. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды жинақтаушы зейнетақы қорларына қатысуға тарту бойынша жұмыс.

4. Проблемалық активтермен жұмыс туралы ақпарат.
5. Әртүрлі

ҚАРАЛДЫ

Отырыстың күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша

БЖЗҚ Стратегиялық талдау және даму басқармасының бастығы Кәмілә Фазылова сөз сөйледі. Ол қатысушыларды Қордың Директорлар Кеңесі бекіткен «БЖЗҚ» АҚ-ның 2017-2021 жылдарға арналған корпоративтік даму стратегиясының негізгі тұстарымен таныстырды. Стратегияға сәйкес БЖЗҚ өзінің миссиясын салымшыларға зейнетақы жинақтарын қалыптастыруда көрсетілетін қызмет сапасын арттыру, зейнетақы активтерін дұрыс есепке алу, сондай-ақ зейнетақы жинақтау мәдениетін арттыру арқылы ұйымдастырушылық көмек көрсету деп біледі.

Қордың жұмысы мынадай қағидаттарға негізделген:
сенімділік, ашықтық, тұтынушыға бағдарлану, прогрессивтілік,
өзін-өзі жетілдіру және жауапкершілік.

Сондай-ақ Қордың стратегиялық мақсаттары айтылды:

- үздік тәжірибелер стандарттарына сәйкес сапалы қызмет көрсету;
- Қазақстан Республикасы халқының Зейнетақы жинақтарын жоспарлау мәдениетін дамыту;
- Қазақстандық жинақтаушы зейнетақы жүйесінің одан әрі даму бағыттары бойынша ҚР заңнамасын іске асыру.

Аталған мақсаттарға қол жеткізудің негізгі көрсеткіштері айтылды.

Отырыстың күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша

БЖЗҚ басқарушы директоры Мәулен Өтеғұлов сөз сөйледі. Ол Кеңеске бюджет көрсеткіштерін ескере отырып, Қордың алдағы жоспарларын сондай-ақ, БЖЗҚ 2017 жылы өз шығындарын оңтайландырған бюджет баптарын атап берді, сонымен қатар БЖЗҚ-ның 2018 жылға қабылдаған комиссиялық сыйақысынан көрініс табатын әкімшілік шығындарын одан әрі қысқарту жоспары туралы да айтып өтті. Қабылданған даму жоспары Қор алдына қойылған міндеттерді толығымен орындауға мүмкіндік беретіні туралы да айтылды, алайда шығыстарды оңтайландыру көрсетілетін қызметтер сапасына әсерін тигізе алмайды.

Басқарма Төрайымы Нұрбүбі Наурызбаева қазір БЖЗҚ-ның зейнетақы жүйесі аясында ұсынуға болатын халықаралық тәжірибелерді, өнімдердің үлгілерін белсенді түрде зерттеп жатқанын тілге тиек етті. Осыған байланысты біз, ең алдымен, салықтық ынталандыруға қатысты ЕЗЖ-ны ынталандыру бойынша бірқатар ұсыныстар әзірледік және оларды ҚР Ұлттық Банкіне бердік. ҚР ҰБ оларды қабылдады және зейнетақы жүйесін жаңғырту бойынша өз ұсыныстарына енгізді. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан жинақтардың сақталуына мемлекеттік кепілдіктің таралуын да заңнамалық деңгейде шешу керек.

Кеңес төрағасы Евгений Сейпульник БЖЗҚ-ның алғашқы екі мәселе бойынша берген ақпаратын назарға алу туралы ұсыныс жасады. Мәселе дауыс беруге шығарылды. Кеңестің 12 мүшесі дауыс берді.

«Қолдағандар» - 12,

«Қарсы», «Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бір ауыздан».

Отырыстың күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша

БЖЗҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі Гүлбану Айманбетова сөз сөйледі. Ол 2014-2017 жылдары өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың орташа саны 2,3 млн. адамды құрағанын атап өтті. «Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар» ұғымының ресми түсіндірмесі, халықтың жұмыспен қамтылу мәртебесі бойынша жіктемесі, статистикалық деректерді қалыптастыру қағидаттары, өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың жынысы, жұмыспен қамтылу мәртебесі,

жасы бойынша жіктеме назарға ұсынылды. Ресми деректер бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың сандық және құрылымдық параметрлерінің жақсаруы байқалады.

Алайда, олар зейнетақы жүйесінің белсенді қатысушылары емес, өйткені тіпті заңнамалық деңгейде оларды ішінара қамту ғана көзделген. Бұл болашақта жинақтардың лайықты зейнетақымен қамсыздандыруға жеткіліктілігіне елеулі түрде әсер етуі мүмкін. БЖЗҚ Қоғамдық кеңеске заңнамаға өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды зейнетақы жүйесіне тартуға мүмкіндік беретін өзгерістер енгізу бойынша бірқатар ұсыныстар жасады.

Атап айтқанда, Заң департаментінің директоры Назым Бақтыбаев зейнетақы заңнамасында өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты зейнетақы жүйесіне ішінара қамту көзделгенін айтты. Сондықтан Қазақстан Республикасының заңнамасына өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың БЖЗҚ-ға ЕЗЖ төлеуі бойынша өзгерістер/толықтырулар енгізу қажет:

- БЖЗҚ-ға МЗЖ төлеуге құқылы тұлғалардың тізімін кеңейту;
- БЖЗҚ-ға МЗЖ аударуда ай сайынғы төлемнің 10% мөлшерінде шектеуді тұрақты табыстың болмауына, сондай-ақ олардың табысы республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінен де аз болуы мүмкін екендігін ескеріп алып тастау;
- БЖЗҚ-ға МЗЖ аудару тәртібін регламенттеу;
- БЖЗҚ-ға МЗЖ-ны уақытылы төлемеген жағдайда, өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарға қатысты өсімпұл төлеуді алып тастау.

Басқарма төрағасы Нұрбүбі Наурызбаева Кеңестің зейнетақы жүйесін дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобына өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды зейнетақы жүйесіне тартудың әлеуметтік проблемасының шешімі бойынша пайымдарын 2018 жылдың басындағы Кеңес отырыстарының бірінде 2018 жылдың 1-тоқсанында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беру үшін талқылау үшін ұсыну туралы өтінішін білдіріп, жүгінді.

Кеңес төрағасы Евгений Сейпульник Кеңес БЖЗҚ-ға өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды жинақтаушы зейнетақы жүйесіне тарту мәселесі бойынша жәрдемдесе алады деген пікірін білдірді. Ол осы тақырыпты Кеңестің жұмыс топтарында талқылап, өз ойларын білдіріп, Кеңестің келесі отырысына пікірлерін шығару туралы ұсыныс жасады. Мәселе дауыс беруге шығарылды. Кеңестің 12 мүшесі дауыс берді.

Дауыс беру қорытындысы:

«Қолдағандар» – 12.

«Қарсы», «Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бірауыздан».

Отырыстың күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша

БЖЗҚ басқарушы директоры Мәулен Өтеғұлов сөйледі. Ол 21 проблемалы эмитенттің Қор алдындағы берешектерінің жалпы сомасы 2017 жылдың 1 желтоқсанында номиналдық құны бойынша 44,8 млрд теңгені құрағанын хабарлады. Қор алдындағы өтелген берешек сомасы 2,7 млрд, оның 1,2 млрд теңгесі 2017 жылы өндіріп алынған.

Мәулен Өтеғұлов Кеңестің өткен отырысы өткізілген 2017 жылдың тамыз айынан бері проблемалы эмитенттер тізіміне дефолтқа ұшыраған тағы 2 компания қосылғанын айтты. Олар: «АПК-Иинвест» және «Атамекен Агро» корпорациялары. Қор шағым-талап жұмыстарын бастап кетті, оның нәтижесінде «АПК-Иинвест» корпорациясы негізгі қарызы болмаса да, сыйақы бойынша берешек сомасын төлей бастады. «Атамекен Агро» компаниясымен келіссөздер жүргізіліп, ол ұйым берешегін толықтай өтеп бітті. Бұдан басқа, ҚРҰБ қайталама нарықта Бразилиялық Samagso Mineracao SA компаниясының облигацияларын сатты, осылайша бұл эмитент БЖЗҚ портфелінен шығарылды. Тексеру жүргізу және зейнетақы активтері бойынша міндеттемелердің орындалмауына кінәлі адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тарту мақсатында Қор құқық қорғау органдарына 20 эмитентке қатысты өтініш жолдады, оның ішінде 5-еуі бойынша қылмыстық іс қозғалды.

Сондай-ақ, Мәулен Өтеғұлов Қордың қарыздарын қайтаруға кедергі келтірген негізгі мәселелердің ішінде сот орындаушыларының әрекеттері мен әрекетсіздіктері (сот өндірісін

созу, сот өндірісін қысқарту, құжаттарды жоғалту және т.б.) де бар екенін атап өтті. Кеңеске, сонымен қатар, 2017жылы өткен борышкерлердің мәртебелерінің өзгергендігі туралы да жеткізілді. «Роса» АҚ-ға қатысты сот эмитенттің оңалту рәсімін жүргізу туралы өтінішін қанағаттандырды және сот Оңалту жоспарын бекіткен жағдайда БЖЗҚ бұл рәсімді қадағалап отыратын болады.

«Homebroker» АҚ-ға қатысты Алматы қ. МАЭС шешімімен эмитентке эмитенттің негізгі борышкері болып табылатын Б.Қ. Асаубаевтың құқық қабылдаушыларына қойылатын талаптардан бас тартылды, осыған байланысты эмитенттің дебиторлық берешекті өндіріп алу мүмкіндігі айтарлықтай азайды. Қор эмитенттен берешекті атқарушылық іс жүргізу тәртібімен өндіріп алу мақсатында осы шешімге шағым жасауды жүзеге асырады. Бұл мәселе Алматы қаласы Медеу ауданы прокуратурасының бақылауында. «Қазақстан Қағазы» АҚ эмитенті оңалту жоспары бойынша міндеттемелерді уақтылы орындауда. Алайда, Алматы облысының МАЭС ұйғарымымен «Forte Bank»-тің борышкерге қатысты өтініші бойынша оңалту рәсімі алынып тасталды және банкроттық рәсімі қозғалды. Қор оңалту рәсімін сақтау мақсатында осы сот шешіміне шағымдануды жүзеге асырады.

«Имсталькон» АҚ-ға қатысты Алматы қ. МАЭС эмитенттің миноритарлық акционері И. Третьяковтың өтініші бойынша оңалту рәсімін тоқтатып, «АльПромСтрой» ЖШС-ның өтініші бойынша эмитентті банкрот деп тану туралы азаматтық істі қайта жаңартты.

Қордың борышкерді оңалту рәсімін тоқтату туралы бұрын шығарылған сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхатын орындаудан ҚР Жоғарғы Соты бас тартты. Эмитентке қатысты «Prudential Prime Kazakhstan/Central Asia» ЖШС кредиторының өтініші бойынша банкроттық рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды, кейіннен оны сот қараусыз қалдырды. Қор қарызды сот тәртібімен өндіріп алу бойынша жұмыс жүргізді. Эмитентке қатысты банкроттық рәсімі қолданылмаған жағдайда Қор атқарушылық іс жүргізу шеңберінде берешекті өндіріп алу жөнінде шаралар қабылдайтын болады. Сондай-ақ, Лондонның Жоғарғы Сотында болып жатқан процесс туралы хабарланды. Қазіргі уақытта сот шешімі күтілуде, оған сәйкес Қазақстанға шамамен 90 миллион фунт стерлинг қайтарылуы мүмкін.

Миноритарлық акционердің БЖЗҚ салымшыларының мүдделеріне нұқсан келтіретін талаптарын қанағаттандыратын соттардың жекелеген шешімдері бұрынғысынша түсініксіз болып қалуда. Бұған «Имсталькон» АҚ ісі бойынша процесс мысал бола алады. Кеңес төрағасы Евгений Сейпульник осы қылмыстық іс бойынша куәгер ретінде тартылғанын атап өтті.

БЖЗҚ басшылығы бұл бағыттағы жұмыс жалғастырылатынын атап өтті. Сонымен қатар Қор мен Қоғамдық кеңестің эмитенттерге қатысты бірлескен іс-қимылдары өзара келісіліп, салмақталуы тиіс.

Кеңес төрағасы Евгений Сейпульник өз іс-әрекеттерін келісе отырып, қарызды өндіріп алу бойынша Қорға қолдау және көмек көрсетуді жалғастыру туралы ұсыныс жасады. Ұсыныс келісуге ұсынылды. Кеңестің 12 мүшесі дауыс берді.

Дауыс беру қорытындысы:

«Қолдағандар» – 12.

«Қарсы», «Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бірауыздан».

Отырыстың күн тәртібіндегі 5-мәселе бойынша

Кеңес төрағасы Евгений Сейпульник сөз алып, оның атына Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығынан Кеңес құрамына енгізу үшін «Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы» ЗТБ басқарушы директоры Ерлан Өмірзақұлы Бурабаевтың кандидатурасын қарау туралы өтініш келіп түскенін хабарлады. Сейпульник қоса берілген түйіндемеге сәйкес Ерлан Бурабаев 2014 жылдан бастап «Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы» ЗТБ басқарушы директоры болып қызмет атқаратынын атап өтті. Бұған дейін ол ҚР Ұлттық Банкін, «ГНПФ» АҚ, сақтандыру компанияларын қоса алғанда, көптеген қаржы құрылымдарында басшылық лауазымдарда жұмыс істеген.

Ерлан Бурабаевты Қоғамдық кеңес құрамына қабылдау туралы ұсыныс дауыс беруге шығарылды. Кеңестің 12 мүшесі дауыс берді.

Дауыс беру қорытындысы:

«Қолдағандар» – 12.

«Қарсы», «Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бірауыздан».

Соңында БЖЗҚ Басқарма төрайымы Нұрбибі Наурызбаева Кеңестің келесі отырысын 2018 жылдың қаңтар айының соңында өткізіп, Кеңестің өзін-өзі жұмыспен қамтушылар жөніндегі ұсыныстарын талқылап, жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту және жетілдіру жөніндегі Кеңестің осыған дейін әзірлеген ұсыныстарына қайта оралу туралы пікірін білдірді. Кеңес мүшесі Азамат Жолдасбеков те 2017 жылдың жедел қорытындысын талқылауды ұсынды.

Алдын ала күн тәртібі бойынша ұсыныстар дауысқа салынды. Кеңестің 12 мүшесі дауыс берді.

Дауыс беру қорытындысы:

«Қолдағандар» – 12.

«Қарсы», «Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бірауыздан».

ШЕШТІ

Отырыстың күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша

«БЖЗҚ» АҚ-ның Корпоративтік даму стратегиясы туралы БЖЗҚ ақпараты назарға алынсын.

Отырыстың күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша

«БЖЗҚ» АҚ-ның 2018 жылға арналған даму жоспары туралы БЖЗҚ ақпараты назарға алынсын.

Отырыстың күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша

Кеңестің жұмыс топтарында өзін-өзі жұмыспен қамтығандар және олрды жинақтаушы зейнетақы жүйесіне тарту тақырыбын талқылауды бастау және Кеңестің келесі отырысына өзіндік ой-пікірлерін шығару.

Отырыстың күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша

Қорға қарыздарын өтеу бойынша қолдау мен көмек көрсетуді одан әрі жалғастыру, бұл ретте әрбір іс-әрекет БЖЗҚ-мен келісілуі тиіс.

Отырыстың күн тәртібіндегі 5-мәселе бойынша

Қоғамдық кеңес құрамына «Қазақстан қаржыгерлері ассоциациясы» ЗТБ басқарушы директоры Бурабаев Ерлан Өмірзақұлы қабылдансын.

Күн тәртібінен тыс

Келесі отырыстың күні алдын ала күн тәртібіне мынадай мәселелерді енгізе отырып, 2018 жылғы қаңтардың соңында жұмыс тәртібімен тағайындалсын:

- Кеңестің өзін-өзі жұмыспен қамтығандар жөніндегі ұсыныстарын талқылау;
- жинақтаушы зейнетақы қорын дамыту және жетілдіру бойынша Кеңестің бұрын әзірлеген ұсыныстарын талқылау;
- 2017 жылдың жедел қорытындысы.

Отырыс төрағасы Е. Сейпұлник

Отырыс хатшысы М. Акмаева